

«Айлин-3» жеке бөбекжайы

Спорт - сенің серігің!

(спорттық ойын - сауық)

2024ж

Спорт - сенің серігің!

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

Түрі: Эстафеталық ойын

Көрнекілігі: Текше, арқан, жіп, кедергілер, жалауша, ысқырық, уақыт өлшеуіш.

Барысы:

Шаттық шеңбер.

Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз

Сәулетті елдің көгінде

Шамшырақ болып жанамыз.

Жүргізуші:

Бүгінгі өткелі тұрған «Спорт - сенің серігің!» атты спорттық - эстафеталық сайысқа қош келдіңіздер! Ендеше спорттық ойын - сауығымызды бастамас бұрын әділ - қазы алқасын таныстырып өтейін:

Ал, сайыскер балалар,

Ешкімің жоқ алалар

«Жеңімпаз» болу үлкен ерлік

Оны әділқазы бағалар.

(әділқазы мүшелерімен таныстыру)

1.

2.

3.

Жүргізуші:

- Құрметті ойыншылар, бүгін «Спорт - сенің серігің!» атты эстафеталық жарысымызды бастаймыз.

Жарыстың шарттары:

1. Таныстыру.

2. «Жалауды тез жеткізу».

3. «Жұптасқан ұстаушылар».

4. «Текше жинау».

5. «Арқан тартыс»

Құрметті сайыскерлер, сіздерге сәт сапар!

Сайысқа қатысушыларымен жеке таныстыру. Әр команданың ұранымен таныстыру.

Ұстанған салауатты өмір салтын,

Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,

Болашақ спортшылар келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық, балалар.

1. Таныстыру

«Тұлпар» тобы

Ұраны:Тұлпар болып шабамыз

Сұңқардан біз озамыз.

«Сұңқар» тобы

Ұраны:Спортпен достас

Жалқаулықпен қоштас.

2. «Жалаушаны тез жеткізу»

Ойын шарты: Топ мүшелері қолындағы жалаушамен бірге белгіленген жерге дейін жүгіріп келесі ойыншыға береді.

3. «Жұптасқан ұстаушылар»

Ойын шарты:Төрешінің белгісі арқылы топ мүшелері екеуден жұптасып белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.

4. «Текше жинау»

Ойын шарты: Төрешінің белгісі бойынша әр командаға берілген текшелерді құрастырып жинау.

5. «Арқан тарту»

Шарты: Команда мүшелері түгел арқан тартуға шығады.Белгіленген жерге қарсылас команда мүшелерін тартып келеді.

Жүргізуші:

- Рахмет, ойыншылар. Барлық жарыс шарттарын орындадық.

Қорытынды бөлім

Көрсетті міне өз өнерін балалар,

Сайыстың да соңы келіп таянар.

Жеңімпазды анықтайық қанекей,

Әділқазы сайысты әділ бағалар.

Сайыс соңында әділқазылар алқасы ұпай санын шығарып, қай команданың жеңгенін айтады. Жарыс соңында жеңіске жеткен командаға сыйлықтар тапсырылады. Балаларға арнайы дайындалған алқалар тапсырылады.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт- досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

